

**ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ
КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК**

9-сынып

1-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

- 1. Қарлығаштың ұясы қайда орналасқан?**
 - a) ағаштың басында
 - b) жардың қуысында
 - c) үйдің бөренесінде
 - d) бұтаның басында
 - 2. Жылан не үшін келді?**
 - a) Балапандарды қорқыту үшін
 - b) Балапандардың қасында тұру үшін
 - c) Балапандарды жеу үшін
 - d) Балапандарды жай қарау үшін
 - 3. Қарлығаш неден көмек сұрады?**
 - a) Торғай, тоқылдақ
 - b) Қарға, бүркіт
 - c) Қарға, көкек
 - d) Адам, дәуіт
 - 4. Құстардың қайсысы қонаққа бара жатыр?**
 - a) Қарға
 - b) Бүркіт
 - c) Көкек
 - d) Қарлығаш
 - 5. Қай құс үйленбекші?**
 - a) Қарға
 - b) Бүркіт
 - c) Көкек
 - d) Қарлығаш
 - 6. Мәтіндегі шегірткеге ұқсас жәндік не?**
 - a) Жылан
 - b) Қарға
 - c) Дәуіт
 - d) Көкек
 - 7. Мәтіннің мазмұнына сай мақалды табыңыз.**
 - a) Қарындасың – қарлығашың.
 - b) Досы көпті жау алмайды
 - c) Қарға баласын аппағым дер
 - d) Өз үйім өлең төсегім
 - 8. Мәтіннің мазмұнына сай келмейтін сөйлемді табыңыз.**
 - a) Жылан мен қарлығаш – қас жау.
 - b) Қарға қарлығашқа көмектеі.
 - c) Дәуіт тез арада көмекке келді.
 - d) Қарлығаш балапандары үшін қорықты.
 - 9. Мәтінде кездесетін синоним сөздерді жазыңыз.**
-
- 10. Мәтінге қандай ат қоюға болады?**
 - a) Қарлығаш – адамға дос
 - b) Қарғаның опасыздығы.
 - c) Нағыз дос
 - d) Құстың ұясы

2-тапсырма. Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

1. Бұл диалог кімнің арасында өтіп жатыр?

- a) екі жолаушы арасында
- b) атасы мен немересі арасында
- c) апасы мен баласы арасында
- d) ұстазы мен оқушысы арасында

2. Бала қандай мультфильмді көрген?

- a) «Қарлығаш пен дәуіт»
- b) «Құстың ұясы»
- c) «Қарлығаштың құйрығы неге айыр»
- d) «Арыстан мен тышқан»

3. Мәтін бойынша, мультфильмнің негізгі мазмұны қандай?

- a) Дәуіт қарлығашқа көмектесті.
- b) Адамдар қарлығашты ұстап алды.
- c) Адамдар қарлығашқа жақсылық жасады.
- d) Кіп-кішкентай құс бүкіл адамдар үшін жақсылық жасады.

4. Мультфильмде қандай қасиеттер көрсетілген?

- a) сараңдық пен жомарттық
- b) мейірімділік пен қатыгездік
- c) батылдық пен қорқақтық
- d) достық пен мейірімділік

5. Мәтіннен алынған қай сөйлемде қалау рай бар?

- a) Балам, сен жаңа қандай мультфильм көрдің?
- b) Өмірде жақсылық және жамандық болады.
- c) Менің мейірімді болғым келеді.
- d) Мультфильмде саған тағы не ұнады?

6. Мультфильмде балаға тағы не ұнады?

- a) басты кейіпкерлер
- b) пейзаждар
- c) құстардың суреттері
- d) фильмнің музыкасы

7. Мәтінде жоқ ақпаратты көрсетіңіз.

- a) Анасы мен баласы кинотеатрда отыр.
- b) Анасы мен баласы мультфильм туралы сөйлесіп отыр.
- c) Балаға мультфильм ұнады.
- d) Бала құстар туралы мультфильм көрді.

8. Мәтіннен алынған қай сөйлемде болжам бар?

- a) Балам, сен жаңа қандай мультфильм көрдің?
- b) Сен әлі-ақ өсерсің, арманыңа жетерсің.
- c) Адамдарға көп жақсылық жасағым келеді.
- d) Бұл мультфильм маған өте ұнады.

9. Мәтінде қандай антоним сөздер кездеседі?

10. Бұл мәтінге қандай 2 сөйлем қосуға болады?
